

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
«Ветеринарлық медицина және биотехнология» факультеті

«Жұқпалы емес аурулар және морфология» кафедрасы

**«Мал шаруашылығында
эмбриондарды тасымалдау әдісі» пәні
бойынша**

Дәріс 5

Орал-2016


Қарастырылатын сұрақтар

1. Әр түрлі гормональдық препараттардың көмегімен сиыр-донорларда суперовуляция шақыру
2. Етті малдардың эмбриондарын жуып алу



Суперовуляция деп- малдың ұрық безінде бір мезгілде бірнеше ондаған фолликулдердің дамып-жетіліп, жарылып, аналық ұрық клеткаларының бөлініп шығуын айтады.

Ірі қара малдарында суперовуляция шақыру үшін әр түрлі гормональдық препараттар қолданамыз. Гормональдық препараттың бізге белгілі түрі – буаз биенің қанындағы гонадотропиндер (СЖК) және фолликула стимулдеуші гормон (ФСГ). Қазірге кезде көбіне қолданыстағы ол ФСГ. Бұл препаратты жыныстық циклдің 8-10 күндері шамамен 50мг-ға дейін енгіземіз. Арасына 12 сағат салып, таңертең және кешке егеді.



- Гормональды өңдеу кезінде овуляция деңгейінде көптеген факторлар әсер етеді, соның ішінде; жасы, жануар тұқымы, ұстау және азықтандыру жағдайлары, гонадотропин сериясы мен мөлшері, препаратты енгізу тәсілі мен енгізу орны, гормональды және лактациялық статустар жыл маусымдары және т.б.



- Сиырлар – донорлардың гонадотропинмен өңдегенде өнімдік жүйесінде жүріп жатқан өзгерістер ең алдымен ішкі факторлармен байланысты, соның ішінде жыл маусымының әсер етуі көп байқалады. Жақсы суперовуляцияны шақыруға ең қолайлы уақыт болып қазан, қараша және желтоқсан айлары саналады. Көптеген авторлардың айтуы бойынша жазда, әсіресе күзде жануарлар көктем мен қысқа қарағанда гонадотропинге басым бейімделеді. Қалыпты ұрықтардың саны басқа жыл мерзіміне қарағанда жаз бен күзде көп болады.

2. Эмбрионды сиырдың жатырынан ұрықтандырғаннан кейін 8 күндері шайып шығарып алады. Негізінен операция жасамай хирургиясыз жолмен алады. Бұл әдіс арзанға түседі, оңай алынады және донорды бірнеше рет қайталап пайдалануға мүмкіндік береді.

Жұмысқа кіріспей тұрып малдың тік ішегін нәжістен босатады., жатырдың және ұрық безінің жағдайын тексеріп көріп шығады. Ұрық безіндегі сары денелерді санайды, малдың сарпайын, жамбасын, құйрығын жуып тазалап дезинфекциялайды.


Эмбрионды шайып шығару үшін негізінен Фолей катетері қолданылады, оның ішіне жіңішке мандрен салып, ректоцервикальді әдіспен жатыр мойнына, одан әрі тармағына дейін өткізеді





Енді катетер ішіндегі мандренді шығарып тастаймыз да, оның сыртқы арнасы арқылы 10-15 мл ауа үрлейміз. Сонда катетердің ұшындағы баллон ауаға толып, керіліп жатыр тармағын толық бекітеді де, ішіне құйылған сұйықтың және эмбрионның сыртқа төгіліп, ысырап болуына жол бермейді.





Vojt

Катетерді орнатқаннан кейін, сол арқылы жатыр ішіне Дюльбек сұйығын 40-60 мл шамасында бірнеше рет құйып, бірнеше рет қайта сорып шығарады, жалпы мөлшері 500 мл сұйық кетеді. Осылай етіп жатырдың екінші тармағын да жуып-шаяды.

Жиылған сұйықты биік жіңішке цилиндрге құйып, бөлме температурасында 20-30 минутқа қойып қояды. Бұл уақыттың ішінде эмбриондар цилиндр түбіне шөгеді. Бетіндегі сұйықты сорып алып тастап, түбіндегі тұнбадан эмбриондарды іздейміз.

